

КӨПТІЛДІ ТОПТАРҒА КОЛЛОИДТЫҚ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шайхиева Орынгул

d.l.o._94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 6М011200-Химия мамандығының магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.К.Тажкенова

Елбасымыз өзінің «Бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына кіру» атты жолдауында білім беру саласына ерекше назар аударды. Бұл жолдау барысында талқыланған білім беру қаулысы – еліміздің аталмыш елдердің қатарына қосылу қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құжаттардың бірі болып есептеледі. Еліміз дамыған елдердің қатарына қосылуға көз тіккендіктен, осы бағытта өзіндік үлесін қосатын еліміздің білім беру жүйесінде заманауи сипатта жұмыс атқаруы тиіс. Ол еліміздегі білім беретін ордалар: мектеп қабырғасынан бастау алып, жоғары оқу орындарында жалғасын табатын білім берудегі жанаша бағыт. Осы себепті, бүгінгі таңда білім беру бағытындағы өзгеріс – көптілділік білімнің маңыздылығы артып келеді [1].

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым саласындағы соңғы жылдардағы мәнді өзгеріс – елбасымыздың 2011-2020 жылдарға арналған «ҚР білім беру жүйесін дамыту» мемлекеттік бағдарламасында көтерілген тың мәселеге негізделген. Ондағы көзделген үлкен мақсат – көптілдік білім беру жүйесін қалыптастыру. Осы себептен, қазіргі таңдағы бұл жүйені ұтымды әрі ұғымды қалыптастыруға және жеңіл әрі терең меңгеруге септігін тигізетін көрнекі, сапалы құралдар құрастыру өзекті болып отыр.

Ғылыми жаңалығы – коллоидтық химия пәні бойынша көптілді топтарға арналған, қазақ – орыс – ағылшын тілдерінде кіріктіріліп құрастырылған оқулық ұсыну.

Мақсаты. Көптілді топтарға арналған коллоидтық химиядан электрондық оқулықты үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) құрастырып, кейінгі білім алушылар назарына сапалы электронды оқулық ұсыну.

Зерттеу жұмысының мақсатына жету жолында келесі **міндеттер** туындайды:

- коллоидтық химия пәні бойынша көптілді топтарға арналған электронды оқулықты құрастыруды ұйымдастыру;
- электрондық оқулықты құрастыру барысында сапалық қасиеттерін негізге алу;
- электрондық оқулық құрастырудың құрылымдық жоспарын жасау;
- электрондық оқулыққа енгізілетін ақпараттар базасын іріктеу;
- іріктелген ақпараттарды электрондық оқулықтың бағдарламасына енгіздіру;
- құрылған электрондық оқулыққа дидактикалық талдау жүргізу;
- дайын болған электрондық оқулықты сапалы дәредеге білім алушылар назарына ұсыну;
- сыннан өткізе отырып, қолдану аясын анықтау.

Көптілді оқыту – білім алушылардың білім алу жолында үлкен мақсаттарға жетіп, тұғырына көтерілуге жол ашатын, әлемдік білім беру аренасында өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Бүгінгі білім беру мазмұны көптілді меңгеруді мақсат еткен білім беруші мен білім алушы арасындағы субъективті байланыс арқылы жүзеге асырылуда. Оқытушы мен оқушы – білім беру процесін бірігіп тікелей жүзеге асыратын және бірнеше тілді меңгеруге, өзін-өзі әлеуметтік немесе кәсіби дамытуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға ретінде көптілді білім беру жүйесінің субъектілері болса, дәл осы жүйенің негізгі объектісі – көптілді оқу-әдістемелік құралдары болып табылады.

Көптілді білім беру жүйесі аясында білім беру саласындағы көптілді әдіснамалық құралдар және электронды оқулықтардың маңызы зор. Себебі, осы бағыттағы көптілді оқыту жүйесі әлем бойынша қойылып отырған талаптарды қанағаттандыра қойған жоқ [2].

Қазіргі таңда көптілді білім беру бойынша оқу үрдісіне қажетті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету мәселесіне жоғары оқу орындары ерекше назар аударуда. Осы орайда көптеген білім берушілер: профессор, ғалымдар мен ұстаз өкілдері электрондық оқулықтың көптілді замануи білім беру үрдісіндегі орнын ерекше атап көрсетіп келеді.

Электронды оқулық – бұл білім алушының ғаламторды қолдана отырып, оқу үрдісін өз бетінше немесе білім берушінің бағыт – бағдар беруімен меңгеруді қамтамасыз ететін әдіснамалық құрал. Ол бір мезгілде бірнеше оқыту әдістерін қолдануға мүмкіндік бере отырып, білім алушыда жан – жақтылық дағды қалыптастыруға септігін тигізеді [3].

Еліміздегі жалпыға бірдей білім беретін ошақтарында үш тілді білім беру үлгісін енгізудің өзектілігі төмендегідей нұсқаларды топтастырады:

- бүгінгі таңда елімізде көптілді, көпмәдениетті, көпсалалы тұлғаға және оны қалыптастыратын субъектілерге, сонымен қатар олардың біліктілігіне деген сұраныстың артуы;

- жалпы білім ордаларын: орта және жоғары оқу орындарын бітірушілерді республикалық және халықаралық жоғары академиялық деңгейде білім мен ақпарат кеңістігімен ұштастырудағы қажеттіліктің болуы;

- келешек жас ұрпақты шынайы отансүйгіштікке, ұлт өкілдері арасындағы қатынас мәдениетіне, мемлекеттік тілі мен өзге ұлт өкілдері тілдеріне деген құрметтілікке тәрбиелеудің өзектілікке айналуы;

- еліміздегі аз ұлт өкілдерінің өздерінің рухани этникалық ерекшеліктерін сақтаумен қатар, олардың еліміздегі жалпы экономикалық, әлеуметтік – мәдени үрдістерге және ұлтаралық қарым – қатынастарға толыққанды мүдделі болуға жағдай жасау;

білім ошақтарын бітірушілердің көптілділік қатынаста, көптілділікті қажет ететін орталарда ашық қатынас жасай білумен ақпараттық құзыреттіліктерінің жеткілікті деңгейіне қол жеткізуі [4, 56 б.].

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Елбасымыздың бастамасымен көптілді білім беруді мақсат етіп келе жатқан білім ордаларының бірегейі. Осы себептен, аталмыш білім ордасында халықаралық дәрежеде еркін байланыс жасай білетін үш тілді маман иелерін дайындауда білім берушілердің педагогикалық қабілеттеріне ерекше назар аударылады. Үштілдік оқыту бағдарламасының қарсаңында білім ордамызда білім алушылар мен білім берушілер құрамының үш тілде білім алуы және кезек-кезегімен қосымша тіл үйрену мақсатында дайындық дәрістері ұйымдастырылған. Ағылшын тілінде дәріс жүргізетін жоғары білімді білім берушілер санын арттыру көзделген. Білім ордамыздың ректоры Елбасымыз көтерген көптілді білім алу бастамасына қолдау көрсетіп отыра, білім ордамызда келесідей міндеттерді аяқтайтын болатын:

- ағылшын тілдерінде дәріс жүргізу үшін білім берушілердің академиялық дәрежесін толықтыру;

- білім берушілердің құрамына ағылшын тілінен әдіснамалық құралдармен қамтамасыз ету;

- шетелдердегі жоғары оқу орындарындағы ынтымақтастығымен ағылшын тілін үйрену курстарын ұйымдастыру;

ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру үшін білім алушылар мен білім берушілердің үздіксіз, тілдік дайындығын жетілдіріп отыру [5].

Көптілді топтарға арналған коллоидтық химиядан электрондық оқулықты құрастыру барысында келесідей сапалық қасиеттер негізге алынады:

- электрондық оқулықтың сапасы – *мазмұнымен* анықталатындықтан, оның жинақылық, жүйелілік, жылдамдық әрі нақтылықты қанағаттандыруы;

- электрондық оқулыққа енгізілетін ақпараттар түрлі формада: *мәтіндік, сурет, бейне, кескін, график, кесте* түрінде баяндалуы;

- электронды оқулықта баяндалатын ақпарат көздері алынған әдебиеттерге *сілтеме* жасалуы;
- электрондық оқулық көптілді топтарға арналғандықтан, кем дегенде *үш тілде* құрастырылуы;
- аудару барысында тілдік *грамматикалық ережелердің* ескерілуі;
- аталмыш электрондық оқулықпен білім алушыларды оқыту үрдісінде білім берудегі заманауи *әдіс-тәсілдердің* қолданылуы;
- электронды оқулықпен қолайлы жұмыс жасай білу үшін *құрылымдық картасының* құрастырылуы;
- құрастырылатын электрондық оқулық *бағдарламасының* түсінуге жеңіл әрі пайдалануға қолжетімді: мобильді және web-форматында игерілуі.

Жасалатын әдісті коллоидтық химияда қолданудың маңызы зор. Себебі елбасымыздың бастамасымен қолға алынған «Үш тілде білім беру жүйесі» техникалық пәндерге ағылшын тілін ендіру ең алдыңғы орында тұр. Бастама бойынша оқу материалдарының сапасына ерекше көңіл аударылады. Осы мақсатта жүйеге сәйкес оқу материалдарының бірі – ағылшын және негізгі тілі қазақша болып келетін білім ордаларының білім алушыларына арналған коллоидтық химия пәні бойынша электрондық оқулық. Қостілдегі электрондық оқулық білім беруді қанағаттандыратын нағыз оқу құралы болып табылады. Ол оқытушылар мен білім алушыларға оқу процесін қостілде жеңіл әрі тиімді өткізу және түсіну үшін көмекші рөлін атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы//Ақиқат.– 2013 ж. – №1. – 15 б.
2. 12 жылдық білім. Республикалық ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журналы//Алматы. – 2008 ж. – №3. – 20-24 б.
3. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журналы//Алматы. – 2010 ж. – №2. – 44 б.
4. Көптілділік – заман талабы. Көптілділік жоғары білім беру контекстінде//Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, КГМУ: – 2015 ж. – 3 б.
5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж. – 26 б.